

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2025 жылдың 14 ақпаны

KASE биржа нарығының 2025 жылдың қаңтарындағы жұмысының қорытындысын жариялайды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) өзінің 2025 жылдың қаңтарындағы қызметінің негізгі нәтижелері туралы хабарлайды:

- KASE-де 2025 жылдың қаңтарында жасалған сауда-саттық көлемі 28,6 трлн теңгені құрап, 2024 жылдың желтоқсанындағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 11,9%-ға немесе 3,9 трлн теңгеге төмендеді.
- Қаңтардың қорытындысы бойынша KASE индексі 1,2%-ға артып, 5 644,41 тармақ болды.
- Қаңтардың қорытындысы бойынша акция нарығын капиталдандыру 2,4%-ға, яғни 32,1 трлн теңгеге дейін төмендеді, сауда-саттық жасалатын корпоративтік борыштың көлемі 2,3%-ға, яғни 14,0 трлн теңгеге дейін өсті.
- Қаңтарда бір жаңа эмитенттің корпоративтік облигациялар шығарылымы листинг рәсімінен өтті.
- 2025 жылдың 01 ақпанындағы жай-күйі бойынша KASE сауда тізімінде 260 эмитенттің 756 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2025 жылдың қаңтарында KASE бірқатар іс-шараны атқарды.

Бизнеске арналған іс-шаралар

"Эмитент күні" жобасының аясында KASE-де инвесторлармен, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен және БАҚ өкілдерімен бірнеше кездесу өтті, олар:

23 қаңтарда "Mogo Kazakhstan" МҚҰ ЖШС өкілдері 2024 жылғы қызметінің қорытындысы, компанияның ағымдағы жағдайы, қаржы көрсеткіштері, сондай-ақ 2025-2028 жылдарға арналған жоспары туралы айтты;

27 қаңтарда "ОнлайнҚазҚаржы" МҚҰ АҚ басшылары 2024 жылғы жұмысын қорытындылап, компанияның қаржы көрсеткіштерімен, өнімдерімен таныстырды, сондай-ақ "Қазпошта" желісін пайдалана отырып және Өзбекстанда филиалын ашу арқылы өзінің филиалдар желісін кеңейту жөніндегі жоспарын жариялады.

29 қаңтарда Астана қаласында "KASE Day in Astana" бизнес-таңғы асы форматында жеке және квазимемлекеттік сектор өкілдері мен Биржаның серіктестері үшін кездесу өткізілді, оның мақсаты – KASE-нің 2024 жылғы қызметінің қорытындысы туралы, Биржа іске асырып жатқан жобалар туралы, Қазақстанның қор нарығының даму трендтері мен перспективалары туралы, Market Data бағытын дамыту туралы, KASE-нің ақпараттық және аналитикалық жаңа өнімдері туралы ақпарат беру.

Оқыту материалдары

21 қаңтарда Назарбаев зияткерлік мектебінің (НЗМ) оқушылары KASE-де қонақта болды. Іс-шараға қатысушылар KASE-нің мұражайында болып, "Бағалы қағаздар нарығына кіріспе" тақырыбында дәріс тыңдап, Биржаның қызметі, бағалы қағаздармен және қаржы құралдарымен сауда-саттық жасау мүмкіндіктері туралы мәлімет алды.

АКЦИЯ НАРЫҒЫ

2025 жылдың қорытындысы бойынша акция нарығын капиталдандыру 32,1 трлн теңгені (61,8 млрд USD) құрады, бұл 2024 жылдың желтоқсанындағы көрсеткіштен 786,9 млрд теңгеге немесе 2,4%-ға төмен.

Қаңтардың соңында KASE-нің сауда-саттық жүйелерінде 83 эмитенттің 98 атаудағы акциялары болды.

Акциялармен жасалған сауда-саттық көлемі 18,8 млрд теңгені құрап, желтоқсанға қарағанда 35,1%-ға немесе 10,2 млрд теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың тәуліктік орташа көлемі – 939,6 млн теңге, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 12 455, бір мәміленің орташа көлемі – 75,4 мың теңге. Қаңтарда акциямен сауда-саттық тек қайталама нарықта жасалды.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде жеке тұлғалардың үлесі акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 55,7%-н құрады, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 17,8%, басқа институттық инвесторлардың үлесі 1,2%, басқа заңды тұлғалардың үлесі 25,2% болды. Бейрезиденттердің үлесі – 5,7%.

KASE ИНДЕКСІ

Қаңтардың қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 1,2%-ға өсіп, айдың соңында 5 644,41 тармақты құрады.

Индекстік акциялармен жасалған мәміле көлемі 2025 жылдың қаңтарында 17,5 млрд теңге болды, бұл 2024 жылдың желтоқсанындағы көрсеткіштен 1,9 млрд теңгеге көп. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Қазақтелеком" АҚ-тың жай акцияларына қатысты болды – 3,3 млрд теңге (индекстік акциялармен жасалған сауда-саттықтың жалпы көлемінің 18,6%)*.

KASE Индексінің өкілетті тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акция бағаларының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	1 акцияның бағасы, теңге			Сауда-саттық көлемі*, млн теңге		
		01.02.25	01.01.25	Δ,%	қаңтар, 2025	желтоқсан, 2024	Δ,
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	2 679,00	2 186,99	+22,5	1 869,4	578,8	+1 290,6
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	47 003,00	3 778,00	+7,4	3 269,8	4 507,9	-1 238,1
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	842,50	820,00	+2,7	1 485,2	973,5	+511,7
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	259,00	256,41	+1,0	2 612,4	1 593,5	+1 018,9
"Кселл" АҚ	KCEL	3 442,99	3 432,00	+0,3	2 672,8	1 290,8	+1 382,0
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 510,79	1 527,00	-1,1	520,2	1 196,5	-676,3
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	KZAP	19 875,00	20 180,01	-1,5	585,8	696,0	-110,2

Kaspi.kz АҚ	KSPI	52 000,00	4 540,00	-4,7	1 168,4	942,1	+226,3
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	779,01	819,99	-5,0	395,9	2 047,1	-1 651,2
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	13 840,00	14 621,00	-5,3	2 958,8	1 788,5	+1 170,3

* ірі мәмілелерді және тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

Қаңтардың қорытындысы бойынша ең көп өсім "Банк ЦентрКредит" АҚ жай акциялары бойынша болды, оның бір акциясының бағасы 22,5%-ға өсіп, 2 679,00 теңгеге жетті.

7,4% өсіммен "Қазақтелеком" АҚ жай акциялары үздіктер тізіміндегі екінші орынды иеленді. Компания 2025 жылдың 14 қаңтарында "Мобайл Телеком-Сервис" ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін PIN Communication LLC пайдасына сату жөніндегі мәмілені аяқтағанын хабарлады.

Алғашқы үштікке "ҚазТрансОйл" АҚ-тың жай акциялары да кірді, олардың бағасы 2,7%-ға өсті. Компанияның хабарламасына сәйкес "ҚазТрансОйл" АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдау көлемі жедел деректер бойынша 44 млн 887 мың тоннаны құраған, бұл 2023 жылдың көрсеткішінен 2%-ға немесе 699 мың тоннаға артық. Қазақстан мұнайының экспорты 2024 жылы 17 млн 253 мың тоннаны құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 635 мың тоннаға немесе 4%-ға көп.

Kaspi.kz АҚ пен "Қазақстан Халық Банкі" АҚ қаржы секторы акцияларының ай соңындағы қарқыны әртүрлі болды. "Қазақстан Халық Банкі" АҚ акцияларының бағасы 1,0%-ға өсті, ал Kaspi.kz АҚ акциялары 4,7%-ға арзандады. Kaspi.kz АҚ Нерсiburаdа акцияларының бақылау пакетін сатып алу жөніндегі мәміленің аяқталғаны туралы хабарлады.

"KEGOC" АҚ акциялары қауіпті аймақта болды, олардың бағасы 1,1%-ға арзандады. Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі "KEGOC" АҚ-тың "BBB" деңгейіндегі ұзақмерзімді рейтингін "тұрақты" деген болжаммен растады. Сондай-ақ теріс динамиканы "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ акциялары көрсетті, олар 1,5%-ға төмендеп, 19 875,00 теңгеге түсті. Компанияның 2024 жылдың операциялық нәтижелеріне сәйкес 2024 жылғы өндіріс көлемі 10%-ға ұлғайып, 23 270 тоннаға жетті, ал сату көлемі 8%-ға, яғни 16 670 тоннаға дейін азайды.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

2025 жылғы қаңтардың соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 47 атаудағы және 13 ETF акциялары болды.

Есепті айда «KASE Global» секторында сауда-саттық көлемі 2024 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 41,5%-ға немесе 5,3 млрд теңгеге азайып, 7,5 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 376,0 млн теңге, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 970, бір мәміленің орташа көлемі 387,5 мың теңге болды.

2025 жылдың қаңтарында "KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны мынадай акциялармен және ETF-пен жасалды:

- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – 4 084 мәміле, жалпы сомасы 1,3 млрд теңге;
- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – 3 822 мәміле, жалпы сомасы 1,4 млрд теңге;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – 1 550 мәміле, жалпы сомасы 310,2 млн теңге.

Негізгі санаттар бойынша инвесторлардың 50,9%-ы жеке тұлғалар, 35,8%-ы брокер-дилерлер, 13,3%-ы өзге заңды тұлғалар. Бейрезиденттердің үлесі – 2,8%.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2025 жылдың қаңтарында айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2,3%-ға немесе 317,2 млрд теңгеге артып, 14,0 трлн теңгеге (27,0 млрд USD) жетті.

2025 жылғы қаңтардың соңында KASE ресми тізімінде 125 эмитенттің 512 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Қаңтар айында KASE ресми тізіміне мыналар енгізілді:

Бес эмитенттің корпоративтік облигацияларының 10 шығарылымы (біреуі жаңа):

"Интергаз Орталық Азия" АҚ-тың алты шығарылымы және "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС, "Fincraft Group" ЖШС және "Скулбас" ЖШС компанияларының бір-бір шығарылымы.

Қаңтар айында облигациялардың тоғыз шығарылымы: айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты "Қазақстан орнықтылық қоры" АҚ-тың үш шығарылымы және "Қазақстан Даму Банкі" АҚ, "Kaspi Bank" АҚ, "Еуразиялық банк" АҚ және "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" МҚҰ" ЖШС бір-бір шығарылымы және күшін жоюына байланысты "ALITA Stroy" ЖШС және "СК Жаңа Бастау" ЖШС бір-бір шығарылымы KASE ресми тізімінен шығарылды.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2025 жылдың қаңтарында 6 б.п. артып, айдың соңында жылдық 13,91% құрады.

KASE-дегі корпоративтік облигациялармен жасалған сауда-саттық көлемі 2024 жылдың желтоқсанына қарағанда 83,0%-ға немесе 491,4 млрд теңгеге азайып, 101,0 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 5,0 млрд теңге (қайталама нарықта 2,8 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны 530 мәміле (қайталама нарықта 513 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі 9,5 млн теңге (қайталама нарықта 5,5 млн теңге) болды.

2025 жылдың қаңтарында "KASE Global" секторында сауда-саттық көлемі 2024 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 90,3%-ға немесе 416,4 млрд теңгеге азайып, 44,8 млрд теңгені құрады. Есепті айда мынадай корпоративтік облигациялар орналастырылды:

- "Қазақстан орнықтылық қоры" АҚ жылдық 14,91-14,94% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі орташа кірістілігі бар және өтеуге дейін алты ай мерзімімен облигацияларды орналастыра отырып, 5,2 млрд теңге тартты;
- "Birinshi Lombard" ЖШС жылдық 20,98% мөлшеріндегі өтеуге дейінгі орташа кірістілігі бар және өтеуге дейін 1,9 жыл мерзімімен облигацияларды орналастыра отырып, 809,0 млрд теңге тартты;
- "ОнлайнҚазҚаржы" МҚҰ" АҚ жылдық 19,00%-бен үшжылдық облигацияларды орналастыру арқылы 6,7 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 9,1%, басқа институттық инвесторлардың үлесі 5,9%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 72,9%, жеке тұлғалардың үлесі 12,1% болды. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,7%.

KASE-дегі корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 2024 жылғы желтоқсанға қарағанда 57,1%-ға немесе 75,0 млрд теңгеге азайып, 56,2 млрд теңгеге жетті.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі – 4,9%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 14,6%, басқа институттық инвесторлардың үлесі – 16,5%, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 32,3%, жеке тұлғалардың үлесі – 31,7%. Бейрезиденттердің үлесі – 12,5%.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де сатылатын мемлекеттік борыштың номиналды сомасы жыл басынан бері 0,2%-ға немесе 42,2 млрд теңгеге төмендеп, 27,0 трлн теңгені (51,9 млрд USD) құрады.

МБҚ-ның KASE-дегі сауда-саттығының жалпы көлемі 567,5 млрд теңгені құрады және өткен жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,5 есеге немесе 344,1 млрд теңгеге артты. 2025 жылғы қаңтардың қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 28,4 млрд теңге (қайталама нарықта 14,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны 25 мәміле (қайталама нарықта 21 мәміле), бір мәміленің орташа көлемі 1,1 млн теңге (қайталама нарықта 0,7 млн теңге) болды.

2025 жылдың қаңтарында МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 286,1 млрд теңгені құрады. Есепті айда барлық көлем Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға тиесілі болды. Барлығы 1,6 жылдан 12,1 жылға дейінгі өтеу мерзімімен жылдық 13,40-14,00% өтелетін облигациялардың тоғыз шығарылымы орналастырылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі 46,8%, өзге институттық инвесторлардың үлесі 49,3%, басқа заңды тұлғалардың үлесі 3,9% болды. МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттыққа бейрезиденттер қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 40,9%-ға немесе 81,6 млн теңгеге артып, 281,5 млрд теңгені құрады. Ұлттық Банктің ноталарымен қайталама нарықта жасалған сауда-саттық үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 52,4%-н немесе 147,5 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі 46,7% немесе 131,6 млрд теңгені, Қазақстан Республикасының еурооблигациялар үлесі 0,8% немесе 2,2 млрд теңгені құрады. Қалған 0,1% немесе 171,0 млн теңгені құрайтын көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен жасалған мәмілелерге тиесілі болды.

Қайтамала нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары ішінде банктердің үлесі 61,7%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 4,8%, басқа институттық инвесторлардың үлесі 12,7%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 20,4%, жеке тұлғалардың үлесі 0,4% болды. Бейрезиденттердің үлесі – 5,8%.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

2025 жылдың қаңтар айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 57 шығарылымының облигациялары болды: Еуразиялық даму банкінің 20 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 15 шығарылымы, Азия даму банкінің 11 шығарылымы, халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы және бір шығарылым Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясы.

2025 жылдың қаңтарында KASE ресми тізіміне Азия даму банкінің бір шығарылымы енгізілді. қаңтар айында "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторынан айналым мерзімінің аяқталуына байланысты Азия даму банкі, Еуразиялық даму банкі және Халықаралық қайта құру және даму банкі облигацияларының бір-бір шығарылымы алып тасталды.

2025 жылдың қаңтарында халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 2,5 есеге немесе 9,3 млрд теңгеге өсіп, 15,7 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 782,9 млн теңгені (қайталама нарықта – 400,7 млн теңге), бір мәміленің орташа көлемі 423,2 млн теңгені (қайталама нарықта – 258,5 млн теңге) құрады.

Бастапқы нарықта халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторында Азия Даму Банкінің жылдық 13,94%-бен жалпы сомасы 7,6 млрд теңгеге екі жылдық облигацияларының бір шығарылымы орналастырылды.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде бастапқы нарықта банктердің үлесі 77,1%, институттық инвесторлардың үлесі 22,9% құрады. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

2025 жылдың қаңтарында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2024 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда 26,0%-ға немесе 1,7 млрд теңгеге 8,0 млрд теңгеге дейін өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығында банктердің үлесі 10,3%, брокер-дилерлердің үлесі 36,5%, басқа институттық инвесторлардың үлесі – 10,3%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 40,3%, жеке тұлғалардың үлесі 2,7% құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 37,5%-ға бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

2025 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары секторында бес басқарушы компания басқаратын 17 пай қорларының құралдары және алты ETF болды.

Есепті айда аталған сектордағы сауда-саттық көлемі 744,0 млн теңгені құрады және 2024 жылғы желтоқсанға қатысты 24,6%-ға немесе 147,1 млн теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде 54,1% жеке тұлғаларға, 41,3% брокер-дилерлерге, 4,6% басқа заңды тұлғаларға тиесілі.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2025 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде алты шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" АҚ Kaspi.kz, "Қазақтелеком" АҚ, "ForteBank" АҚ және "Эйр Астана" АҚ жай акциялары болып табылады.

2025 жылдың қаңтарындағы сауда-саттық көлемі 410,4 млн теңгені құрады және 2024 жылдың желтоқсан айына қатысты 77,2%-ға немесе 178,8 млн теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары ішінде 37,1% брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне, 2,2% басқа институттық инвесторларға, 16,6% басқа заңды тұлғаларға, 44,1% жеке тұлғаларға тиесілі болды.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың қаңтарында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 35 KASE мүшесі қатысты.

2025 жылдың қаңтарындағы шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 2024 жылдың желтоқсанына қарағанда 14,9%-ға немесе 586,6 млрд теңгеге 3,3 трлн теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 167,3 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 802, бір мәміленің орташа көлемі 208,6 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі,%	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағам. (өзг.%)
USD/KZT	4 751,5 (-16,0%)	74,4% (-0,4%)	12 464 (-2 321)	514,25-531,50	518,20 (-1,3%)
RUB/KZT	119 147,0 (-16,5%)	18,6% (+0,1%)	2 743 (-630)	4,7100-5,3400	5,2747 (+8,9%)
CNY/KZT	711,5 (-23,4%)	1,5% (-0,2%)	305 (-82)	71,1200 -72,7500	71,1447 (-1,0%)
EUR/KZT	93,7 (+30,8%)	1,5% (+0,5%)	301 (+104)	537,01-549,11	538,43 (-1,7%)
EUR/USD	85,0 (-27,7%)	1,4% (-0,2%)	147 (+42)	1,0200-1,0495	1,0380 (-0,6%)
USD/CNY	162,9 (-7,0%)	2,6% (+0,3%)	74 (-31)	7,2496-7,3616	7,2552 (-0,7%)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2025 жылдың қаңтарында 24,6 трлн теңгені құрап, 2024 жылдың желтоқсанындағы көрсеткішіне қатысты 11,2%-ға немесе 3,1 трлн теңгеге төмендеді.

17 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п. т. пайыздық дәлізімен жылдық 15,25% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын ақша нарығының композиттік индикаторы MM_INDEX бір айда 81 б.т.-қа жылдық 12,93%-дан 13,74%-ға дейін ұлғайды.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі 2025 жылдың қаңтарында 18,8 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылдың желтоқсан айындағы көлемінен 2,9 трлн теңгеге немесе 13,3%-ға төмен.

Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 941,6 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 761, бір мәміленің орташа көлемі 1,2 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 13,7 трлн теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 72,5%, ББҚ-мен авторепо 5,1 трлн теңгені немесе 27,0%, МБҚ-мен тікелей репо 58,9 млрд теңгені немесе 0,3%, ББҚ-мен тікелей репо 8,5 млрд теңгені немесе 0,1%-дан аз, КҚС-мен авторепо 27,7 млрд теңгені немесе 0,1% құрады.

2025 жылдың қаңтарының қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 14 б.т.-қа жылдық 14,44%-дан 14,58%-ға дейін, TRION индикаторының мәні 24 б.т.-қа жылдық 14,34%-дан 14,58%-ға дейін өсті, жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіретін TWINA индикаторының мәні жылдық 14,84%-дан 14,79%-ға дейін төмендеді.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 2025 жылдың қаңтарында 5,7 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылдың желтоқсан айында 217,1 млрд теңгеге немесе 3,6%-ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 286,8 млрд теңге, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 57, бір мәміленің орташа көлемі 5,0 млрд теңге болды.

Валюталық своп құрылымында 5,7 трлн теңге немесе валюталық своптармен операциялар көлемінің 99,3% USDKZT своптарына; 20,4 млрд теңге немесе 0,4% RUBKZT своптарына; 346,0 млн теңге немесе 0,1% EURKZT своптарына; 20,9 млрд теңге немесе 0,4% EURUSD своптарына тиесілі болды.

Валюталық жұп	Қаржы құралы	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі,%
USD/KZT	USDKZT_0_001	1 830,8	3 502,1	31,9%
	USDKZT_0_002	3 064,1	5 844,8	53,4%
	USDKZT_0_01W	10,5	20,0	0,2%
	USDKZT_1_001	789,0	1 510,0	13,8%
EUR/KZT	EURKZT_0_001	0,3	0,6	<0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	15,7	2 993,9	0,3%
	RUBKZT_1_001	4,7	895,5	0,1%
EUR/USD	EURUSD_1_001	20,9	38,4	0,4%

Қаңтардың аяғында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жылдық 10,76% құрады, бір айда 364 б.т.-қа өсті, SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі қаңтарда 153 б.т.-қа жылдық 10,60%-ға дейін өсті.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына және KASE Индексі және ETF Nasdaq-100 Index ETF, SPDR Bloomberg Barclays 1-3 Month T-Bill ETF, SPDR Gold Shares ETF, SPDR S&P 500 ETF TRUST жеткізілімсіз фьючерстер сауда-саттыққа қолжетімді.

2025 жылдың қаңтарында туынды құралдар нарығында мәміле жасалмады. 2025 жылдың 01 ақпанында туынды құралдар нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық жайғасымдары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында (2024 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша).

Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасына қатысушы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz б.